

Аудандық ономастика комиссиясы туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімиятының 2004 жылғы 5 мамырдағы N 69/1 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 31 мамырда N 2530 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 151/6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 151/6 қаулысымен.

Ауданның тарихи-мәдени мұрасының тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау және оларды қайта құрау, ономастика саласында мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 17 тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық ономастика комиссиясы құрылып, құрамы заңнамаға сәйкес аудандық мәслихатқа бекітуге ұсынылсын.
2. Комиссияның Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау мен жұмысын үйлестіру аудан әкімінің орынбасары А.Закирьяновқа жүктелсін.

Аудан әкімі Т.Мүбәраков

М а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 5 м а м ы р д а ғ ы

" А у д а н д ы қ о н о м а с т и к а
к о м и с с и я с ы т у р а л ы "

N 69/1 қаулысымен бекітілген

**Аудандық ономастика комиссиясының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Ономастика комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) географиялық объектілердің атауына бірыңғай көзқарасты қалыптастыру, топонимикалық атауларды қолдану мен олардың есебін жүргізуді реттеу, Май ауданының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау және оларды қайта атау мақсатында ономастика саласында мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік кеңестік органы болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссияның жеке құрамы аудандық мәслихаттың шешімімен бекітіледі.

4. Комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.

5. Май ауданындағы топонимикалық объектілердің жаңадан берілген, қайта аталған және нақтыланған атауларын бекітуді комиссияның қорытындысы болып ұсыныс болған кезде ғана, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

6. Комиссияның қызметін ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және әдістемелік қамтамасыз етуді Май ауданының ішкі саясат бөлімі жүзеге асырады.

2. Негізгі міндеттері

7. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) ауданның географиялық атауларды жинақтау, жүйелендіру және зерделеу, бұрын жоғалтылған тарихи топонимдерді қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар жасау;

2) ауданның жаңа географиялық объектілер үшін атаулар әзірлеуге қатысу;

3) ономастикаға қатысты географиялық және тарихи-мәдени пәндеме ретінде қолдау көрсету болып табылады.

3. Негізгі функциялары

8. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді шешу мақсатында:

1) орфографияның, ғылыми транскрипцияның және қалыптасқан мәдени-тарихи және әлеуметтік факторлардың қолданылып жүрген нормаларының негізінде;

2) өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, темір жол және автомобиль жолдары станцияларының, пошта бөлімшелерінің, ғылыми-зерттеу жобалау ұйымдарының, мекемелердің, кәсіпорындардың, жалпы білім беретін, арнаулы орта және кәсіптік оқу орындарының;

3) елді мекендердің, көшелердің, даңғылдардың, алаңдардың тұғырлы атауын сақтауға бағытталған шаралардың кешенін жүзеге асырады;

4) ауданның тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде халықтық және тарихи қалыптасқан атауларға құрметпен қарауын қалыптастыруға белсенді ықпал етеді.

4. Комиссияның құқығы

9. Ұйымдардың, шығармашылық одақтардың, жекелеген азаматтардың тарихи топонимдерді қалпына келтіру немесе ауыстыру мәселелері жөніндегі хаттарды қарайды және жоғарғы органдарға тиісті ұсынымдар енгізеді.

10. Ауданның мемлекеттік басқару органдарының басқа да ұйымдардың материалдары, хабарлаулары және ақпараттары бойынша ономастика саласында мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың жай-күйін талдайды.

5. Жұмысын ұйымдастыру

11. Комиссияның отырысы комиссияның отырысында қабылданатын және оның төрағасы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі түрде өткізіледі. Егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса комиссияның отырысы күші б а р д е п с а н а л а д ы .

12. Комиссияның шешімі оның отырысына қатысып отырған комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс берумен қ а б ы л д а н а д ы .

13. Қажет болған жағдайда комиссияның құзыретіне кіретін жекелеген мәселелерді қарау үшін жұмыс топтары құрылады.

14. Комиссияның хатшысы отырыстардың жұмыс жоспарын, күн тәртібін жасайды, комиссия мүшелерінің өзара іс-қимылын ұйымдастырады және іс қағаздарын жүргізуге жауап береді.